

*Ел жүрегі – елорда шежіресі*

# АСТАНА АҚШШАМЫ

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

## ҚОБЫЗ ҚҰДІРЕТІ



**Астанадағы Қазақ ұлттық өнер университетінің Жамбыл атындағы залында Халықаралық және республикалық байқаулардың лауреаты, ҚР Мәдениет саласының үздігі, қобызшы Кенжегүл Мұсаеваның «Шабыт» атты шығармашылық кеші өтті.**

Кенжегүл алты жасынан қасиетті қобызда ойнайды. Кейін кәсіби музыкалық білім алып, өнері өрге жүзді. Бүгінде көпшілікке танылған талантты өнерпаз. Әрине, оның елордада өтіп отырған кеші алғашқы емес. Ол бұған дейін екі рет жеке концертін өткізген. 2010 жылы Бейбітшілік және келісім сарайында өткен шығармашылық кешінде жұртшылық дарынды қобызшының сан қырлы өнерін қызығып тамашалаған. Міне, содан бері доптай домалап жеті жыл өте шықты. Өнерпаздың музыкалық репертуары да молайып, шәкірттері көбейіп, сара жолы даралана түсті.

Бір сөзбен айтқанда, концерт жаймашуақ кейіпте өтті. Көрермендер отандық және шетелдік композиторлардың классикалық шығармаларын тыңдап, әдемі әсерге бөленді. Елорда әкімдігінің Мемлекеттік академиялық филармониясының қазақ оркестрімен бірлесіп кеш иесі бірнеше музыкалық туындыларды орындады. Әсіресе, қобызға арнап түсірген Дина Нұрпейісованың «Науай» күйін өзі келістіріп ойнады. Үш шекті қобызбен Нұрғиса Тілендиевтің «Аққу» күйін төгілдірді. Ахмет Жұбановтың «Романсы» да сәтті шықты. Ұстаз шәкіртімен бағалы демекші, Кенжегүл Мұсаева жетекшілік ететін «Назерке» қобызшылар ансамблінің мүшелері де тамаша өнер көрсетті.

Сонымен бірге, ҚР Еңбек сіңірген қайраткері Гүлмира Сарина Кенжегүлдің анасының сөзіне жазған «Туған жер» деген әнін шырқады. Шертпе күйдің шебері атанған Жанғали Жүзбаев секілді өнер өрінде бірге жүрген әріптестері де Мұсаеваның мерейін асырды.

Қысқасы, кеште өнер әлемінде өз қолтаңбасы бар дарынды музыканттың шабыты тасыған күн болды.